

## **Атырау облысының Жайық өзенінің су қорғау аймақтары, белдеулерінің шекаралары және оларды шаруашылыққа пайдалану режимін белгілеу туралы**

Атырау облысы әкімдігінің 2026 жылғы 20 мамырдағы № 83 қаулысы

Қазақстан Республикасының Су кодексінің 85, 86-баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 27, 37-баптарына және "Су қорғау аймақтары мен белдеулері шекараларын белгілеу Қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрінің 2025 жылғы 9 маусымдағы № 120-НҚ бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 36238 болып тіркелген) бекітілген Су қорғау аймақтары мен белдеулері шекараларын белгілеу қағидаларына сәйкес Атырау облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

### 1. Мыналар:

1) осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес Атырау облысының Жайық өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулерінің шекаралары;

2) осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес Атырау облысының Жайық өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін шаруашылыққа пайдалану режимі белгіленсін.

2. "Атырау облысы Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте қамтамасыз етсін:

1) осы қаулыға қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі көшірмелерін электронды түрде "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Атырау облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жолдауды;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Атырау облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Атырау облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі*

*"КЕЛІСІЛДІ"*

*"Қазақстан Республикасы Су ресурстары*

*С. Шәпкенов*

және ирригация министрлігі Су ресурстарын реттеу, қорғау және пайдалану комитетінің Су ресурстарын қорғау және пайдалануды реттеу жөніндегі Жайық-Каспий бассейндік су инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі

Атырау облысы әкімдігінің  
2026 жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_ қаулысына 1- қосымша

## Атырау облысының Жайық өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулерінің шекаралары

№	Орналасқан жері	Ауданы		Ені		Су қорғау аймағы мен белдеу орнатылған өзен ұзындығы (метр)
		Су қорғау аймағы (гектар)	Су қорғау (белдеуі гектар)	Су қорғау аймағы (метр)	Су қорғау белдеуі (метр)	
1	Атырау қаласы	4763,246	643,6618	70-500	35-100	
	Оң жағалау	1926,2716	280,6752			67
	Сол жағалау	2837,0044	362,9866			85
2	Индер ауданы	3326,2919	638,1578	100-500	35-100	
	Оң жағалау	2601,9083	493,2967			52
	Сол жағалау	724,3836	144,8611			14
3	Махамбет ауданы	6382,5603	1230,3435	186-500	35-100	
	Оң жағалау	5371,2680	1034,8325			90
	Сол жағалау	1011,2923	195,5110			16

Атырау облысы әкімдігінің  
2026 жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_ қаулысына 2- қосымша

## Атырау облысының Жайық өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін шаруашылыққа пайдалану режимі

### 1. Жайық өзенінде:

1) жерасты суларына іздеу-бағалау жұмыстарын және оларды алуды, сондай-ақ кен іздеушілікті, ас тұзын, емдік балшықтар өндіруді қоспағанда, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге;

2) радиоактивті және улы заттармен, тұрмыстық қатты және өндірістік қалдықтармен, улы химикаттармен, тыңайтқыштармен, қатты және сұйық түрдегі мұнай, химия өнімдерімен ластауға және қоқыстауға;

3) жол берілетін төгінділер нормативтеріне дейін тазартылмаған сарқынды суларды ағызуға;

4) бекітілген су режимінсіз және арнаулы су пайдалануға рұқсатсыз суды алуға және (немесе) пайдалануға;

5) ауыл шаруашылығы жануарларын тоғытуға және санитариялық өңдеуге;

6) бассейндік су инспекциясының келісімінсіз құрылыс қызметіне, ауыл шаруашылығы жұмыстарына, ұңғымаларды бұрғылауға, жерүсті су объектілерін санациялауға байланысты жұмыстарды және өзге де жұмыстарды жүргізуге;

7) пайдаланудан шығарылған (бүлінген) кемелерді және өзге де жүзу құралдарын, көлік құралдарын (олардың тетіктері мен бөліктерін) көмуге тыйым салынады.

2. Су қорғау белдеулері шегінде шаруашылық қызметтің кез келген түріне, сондай-ақ шаруашылық және өзге де қызметті жүргізу үшін жер учаскелерін беруге тыйым салынады, бұл тыйымға мынадай жағдайлар:

1) мыналарды:

су шаруашылығы құрылысжайлары мен олардың коммуникацияларын;

көпірлерді, көпір құрылысжайларын;

айлақтарды, порттарды, пирстерді және су көлігі, балық ресурстары мен басқа да су жануарларын қорғау, балық аулау мен аквашаруашылық қызметіне байланысты өзге де инфрақұрылым объектілерін;

балық өсіретін тоғандарды, балық өсіретін бассейндер мен балық өсіретін объектілерді, сондай-ақ оларға коммуникацияларды;

ғимараттар мен құрылысжайлардың күрделі құрылысынсыз балаларға арналған ойын және спорт алаңдарын, жағажайларды, аквапарктерді және басқа да рекреациялық аймақтарды;

су объектілері жай-күйінің көрсеткіштерін байқау пункттерін салу және пайдалану;

2) жағалауды нығайту, ағаш өсіру және көгалдандыру;

3) осы баптың 1-тармағының 1) тармақшасында рұқсат етілген қызмет кірмейді.

3. Су қорғау аймақтары шегінде:

1) жерүсті су объектілерінің, су қорғау аймақтары мен белдеулерінің ластануы мен қоқыстануын болғызбайтын құрылысжайлармен және құрылғылармен қамтамасыз етілмеген жаңа және реконструкцияланған объектілерді пайдалануға беруге;

2) автожанармай құю станцияларын, мұнай өнімдерін сақтауға арналған қоймаларды, көлік құралдары мен ауыл шаруашылығы техникасын техникалық қарап-тексеру, оларға қызмет көрсету, жөндеу және жуу пункттерін орналастыруға және салуға;

3) тыңайтқыштарды, пестицидтерді, улы химикаттарды, көнді сақтауға және оларды қолдануға арналған қоймалар мен алаңдарды орналастыруға және салуға тыйым салынады. Су қорғау аймағында мәжбүрлі санитариялық өңдеу жүргізу қажет болған кезде уыттылығы аз және орташа, жойылуы оңай пестицидтерді қолдануға жол беріледі ;

4) тұрмыстық қатты және өнеркәсіптік қалдықтардың үйінділерін орналастыруға және жайғастыруға;

5) зираттарды орналастыруға;

6) жүктеме нормасынан асатын ауыл шаруашылығы жануарларын жаюға, мал шаруашылықтарын, мал сою алаңдарын (ауыл шаруашылығы жануарларын сою алаңдарын), мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды), пестицидтердің арнаулы қоймаларын (көмінділерін) және олардың ыдыстарын орналастыруға;

7) сарқынды суларды жинақтағыштарды, сарқынды сулармен суару алқаптарын, сондай-ақ жерүсті және жерасты суларының радиациялық, химиялық, микробиологиялық, токсикологиялық және паразитологиялық ластану қаупін туғызатын басқа да объектілерді орналастыруға тыйым салынады.

4. Орналастырылуы осы баптың ережелеріне қайшы келмейтін объектілер су объектілерінің, су қорғау аймақтары мен белдеулерінің ластануын, қоқыстануын және сарқылуын болғызбайтын, сондай-ақ судың зиянды әсерінің алдын алуды қамтамасыз ететін техникалық сумен жабдықтаудың тұйық (ағынсыз) жүйелерімен және (немесе) құрылысжайлармен және құрылғылармен қамтамасыз етілуге тиіс.